

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
04.12.2019 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 04.12.2019 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кипр Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Бұл мәселе бойынша да баяндама жасау үшін сөз Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайылов мырзаға беріледі.

**СМАЙЛОВ Ә.А.** Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кипр Республикасының Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізілді.

Конвенция Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының модельдік конвенциясының негізінде жасалған. Осындай халықаралық шарттар шетелдік инвесторларға кепілдік беріп, салық салу құқығын екі мемлекет арасында әділеттік бөлісуге мүмкіндік береді.

Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған конвенция келесі мақсаттарды көздейді:

біріншіден, алдағы уақытта салықтың барлық түрлері бойынша ақпарат алмасуды қалыптастырып, салық қызметтері арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

екіншіден, резиденттікті дәлелдейтін екі мемлекетте бірдей қолданылатын тәртіпті белгілеу;

үшіншіден, дивидендтер, пайыздар, роялти сияқты пассивті табыстарға шекті ставкаларды бекіту;

төртіншіден, екі елдің құзыретті органдардың арасындағы салықтық дауларды шешу үшін құқықтық негізін қалыптастыру.

Кипрмен өзара сауда-саттық туралы деректерді қысқаша айтып өткім келеді.

Екі ел арасындағы тауар айналымы соңғы 10 жылдары 440 миллион АҚШ долларын құрады.

2016 жылғы жалпы сауда айналымы 7 миллион долларды ғана құраған болатын. 2019 жылдың тоғыз айы бойынша Қазақстан және Кипр арасындағы өзара сауданың көлемі едәуір ұлғайып 30 миллион АҚШ долларын құрады, оның ішінде экспорт – 28 миллион доллар, импорт – 2 миллион доллар.

Тауар айналымның көбеюі Қазақстанның мұнай өнімдерін экспортқа көптеп шығаруына байланысты.

Қазақстандық экспорттың негізгі бағыты көмір, мұнай өнімдері, алюминий және азық өнімдер болып табылады.

Импорт құрылымында көбінесе фармацевтік және тамақ өнімдері, парфюмерлік, косметикалық және туалеттік заттар.

Келісімді іске асыру мемлекеттік бюджеттен қаржы шығындарын талап етпейді.

Құрметті депутаттар, сіздерді осы келісімді ратификациялау бойынша қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлына беріледі.

МАМРАЕВ Б.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестеріме де оны қолдауды ұсынамын.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Қаралып отырған конвенция инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған және Кипр Республикасымен екіжақты байланыстарды дамытуға өзінің жағымды әсерін тигізеді деп ойлаймын. Осыған қатысты сұрағым бар.

Бүгінгі таңда екі елдің қанша резиденті іскерлік белсенділікті жүзеге асыруда және олар қандай салаларда жұмыс істейді?

Сіздің ойыңызша, екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықты кеңейту бойынша алдағы перспективалар қандай? Рақмет.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Қазақстанда бүгінгі күні Кипр капиталының қатысуымен 124 компания тіркелген, олар сауда, құрылыс, көлік және өндіріс салаларында жұмыс жасайды. Бұдан басқа тағы үш кипрлік компания біздің елде тұрақты мекемелері арқылы кәсіби ұйымдар, сәулет және құрылыс саласындағы қызметті жүзеге асырады. Ал қазақстандық тұлғаларды алатын болсақ, Кипрде 4 заңды тұлға және 24 жеке тұлға жұмыс істеп, Кипрдегі қаржы көздерінен алған табыстары бойынша салық органдарына тиісті декларацияларын беріп, 64 миллиард теңге салық төледі.

Енді экономикалық ынтымақтастықты айтатын болсақ, жалпы, қазақстандық және кипрлік компаниялар туризм саласына және тамақ өндірісі салаларына қызығушылық білдіруде. Осы қаралып отырған конвенцияны ратификациялаған жағдайда сол екі арадағы экономикалық ынтымақтастық

және тауар айналымы ұлғайып, өзара инвестициялық белсенділік те әрі қарай күшейеді деген сенімдеміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ержан Құдайберген Төлепұлына беріледі.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Конвенцияның 4-бабының 3-тармағында «Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға уағдаласушы мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, ол өзінің тиімді басқару орны орналасқан уағдаласушы мемлекеттің ғана резиденті болып саналады» делінген.

Конвенцияда да, хаттамада да осы ұғымның жалпы анықтамасы айтылмаған. Осы конвенцияға қатысты «тиімді басқару орны» деген нені түсіндіреді? Осыны айтып берсеңіз.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. «Тиімді басқару орны» деген ұғым ол заңды тұлғаның негізгі коммерциялық шешімдерді қабылдау орны және заңды тұлғаның басқару органдарының орналасқан жері деп танылады. Мысалы, директорлар кеңесі салықтық резиденттілікті анықтау үшін ең алдымен басқару органдарының қай жерде орналасқандарын анықтайды, сосын барып салықтық резиденттілік мәртебесі анықталатын болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызына беріледі.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Біз бүгін бірдей екі құжатты қарастырып отырмыз. Біріншісі – конвенцияның өзі, екіншісі – конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылатын хаттама.

Аталған хаттамаға конвенцияның 26-бабына қатысты қол қойылды. Онда ақпарат алмасуға қатысты нормалар жазылған. Екі құжатқа да бір уақытта қол қойылған. Хаттама конвенциясының өзін толықтырады.

Хаттамада көрсетілген нормалар неге бірден конвенцияның өзіне енгізілмегендігін түсіндіріп беріңізші.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Расында да, конвенция мен хаттама бір уақытта дайындалды және оларға бір уақытта қол қойылды. Дегенмен хаттама конвенцияның «Ақпарат алмасу» деген 26-бабының күшіне енуімен байланысты қабылданған құжат. Яғни, Кипрдің ішкі заңнамасына сәйкес Кипр салық туралы ақпаратпен алмасуды қазіргі таңда тек еуропалық мемлекеттермен ғана жүргізеді. Қазақстанмен және басқа мемлекеттермен жүргізу үшін мемлекеттер тізбесін кеңейту керек. Оны біз таяу екі жылдың ішінде күтудеміз. Сондай жоспар бар.

Кипр өзінің ішкі заңнамасына сондай өзгерістер енгізбейінше осы хаттамаға сәйкес Қазақстанның біржақты ақпаратты беру міндеті жоқ. Басқа сөзбен айтқанда, олар алдымен өзінің ішкі заңнамасына өзгеріс енгізуі керек, содан кейін барып бірдей алмасуды бастаймыз. Хаттама сол үшін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Яковлева Татьяна Ивановнаға беріледі.

ЯКОВЛЕВА Т.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Алихан Асханович! Согласно статье 10 конвенции, если фактический владелец дивидендов является резидентом другого договаривающегося государства, то размер налога на дивиденды определяется следующим образом:

если доля участия составляет не менее 10 процентов от капитала компании, то полученный доход будет облагаться налогом по пониженной ставке – 5 процентов;

во всех остальных случаях сумма налога будет составлять 15 процентов.

Вместе с тем в соглашениях с другими странами ставки разные. Например, с Хорватией ставка налога в 5 процентов применяется тогда, если доля участия в капитале составляет не менее 25 процентов, а во всех остальных случаях сумма налога будет составлять 10 процентов.

У меня следующий вопрос.

Скажите, пожалуйста, какие факторы принимались во внимание при определении размеров взимания налога на дивиденды при подписании конвенции? Спасибо.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопрос.

Определение порога участия в уставном капитале для применения ставки 5 процентов, о которой Вы говорите, всегда является принципиальным вопросом в такого рода переговорах. Учитывая большую заинтересованность кипрских компаний в инвестировании в казахстанские компании, а также учитывая большой потенциал кипрских инвесторов, было принято решение о снижении минимального порога участия до 10 процентов. Это является стимулированием к инвестированию со стороны кипрских инвесторов в казахстанскую экономику.

Что касается самой ставки в 5 процентов, то это стандартная ставка, которая применяется в большинстве наших конвенций, заключенных с другими странами. Какого-то особого подхода к Кипру мы не применяли. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызына беріледі.

САПАРОВА Ә.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Қаралып отырған келісімнің 4-бабына сәйкес «уағдаласушы мемлекеттің резиденті» термині, оның тұрғылықты жері, резиденттігі, басқару орны немесе осыған ұқсас сипаттағы кез келген басқа да өлшемшарттың негізінде салық салынуға жататын тұлғаны білдіреді.

Сонымен қатар жеке тұлға уағдаласушы мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса және көрсетілген өлшемшарттар бойынша анықтала алмаса, онда бұл мәселе тараптардың өзара келісуі арқылы шешіледі. Осыған байланысты сұрағым бар.

Мәртебесін екіжақты келіссөздер арқылы айқындаған кезде жеке тұлғаның резиденттігі мәртебесі қандай өлшемшарттар арқылы анықталады? Осыған тоқталып өтсеңіз.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

4-баптың 2-тармағында жеке тұлға, мысалы, екі жақтың да резиденті болған жағдайда тұрғынжайдың орналасқан жері, өмірлік мүдделер орталығы және азаматтығы бойынша өлшемшарттары көрсетілген. Осы үш өлшемшарттың негізінде жеке тұлғаның резиденттігі анықталады. Жалпы, резидент қай мемлекетте, оның орналасқан тұрғынжайы қай жерде болса, ол сол жерде резидент болып танылатын болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Пішембаев Мейрам Құдайбергенұлына беріледі.

ПШЕМБАЕВ М.Қ. Рақмет, Төраға.

Уважаемый Алихан Асханович! Ставка корпоративного подоходного налога на Кипре составляет 12,5 процента, а в Казахстане – 20 процентов. Соответственно, может оказаться так, что корпоративный подоходный налог будет выгоднее платить на территории Республики Кипр.

Не приведет ли это к тому, что бизнес будет осуществлять свою деятельность в обеих странах, а статус резидента будут выбирать в стране с наименьшей налоговой нагрузкой?

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопрос.

В самой конвенции есть статьи 5 и 7, которые говорят, что налоги будут платиться там, где ведется бизнес. Другими словами, если компания (неважно, какая компания) ведет бизнес в Казахстане и получает доходы у источника в Казахстане, то она будет платить подоходный налог в Казахстане. В своей стране она декларирует уплаченные налоги и получает в зачет благодаря этой конвенции.

ТӨРАҒА. Сонымен, құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Әлихан Асханұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Шарапаев Петр Анатольевичке беріледі.

ШАРАПАЕВ П.А. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Рассматриваемый законопроект был внесен в Мажилис Парламента Республики Казахстан 22 ноября 2019 года в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан №866.

Основными целями конвенции и протокола являются создание благоприятных условий для инвестиций, укрепление экономического сотрудничества и расширение взаимодействия налоговых служб двух государств через обмен информацией по вопросам налогообложения.

Конвенция предусматривает исключение двойного налогообложения доходов резидентов (физических и юридических лиц) обоих государств и предотвращает налоговые уклонения.

В конвенции предусмотрены в том числе положения, в соответствии с которыми дивиденды, проценты и роялти могут облагаться налогом в государстве-источнике возникновения дохода по пониженным ставкам.

В соответствии со статьей 5 конвенции юридическое лицо-резидент одного договаривающегося государства может получить освобождение от

уплаты подоходного налога в другом договаривающемся государстве, если оно осуществляет предпринимательскую деятельность без образования постоянного учреждения.

На сегодняшний день всеми постоянными комитетами Мажилиса Парламента по законопроекту представлены положительные заключения. При рассмотрении в рабочую группу предложения не поступали.

На основании изложенного Комитет по финансам и бюджету считает возможным рекомендовать Мажилису Парламента Республики Казахстан одобрить проект Закона Республики Казахстан «О ратификации Конвенции между Правительством Республики Казахстан и Правительством Республики Кипр об избежании двойного налогообложения и предотвращении уклонения от налогообложения в отношении налогов на доходы и Протокола к ней».

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Петр Анатольевич.

Енді, құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Жақыпов Қабиболла Қабенұлына беріледі.

ЖАҚЫПОВ Қ.Қ. Рақмет.

Құрметті Нурлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Мен, әрине, талқыланып отырған заң жобасын қолдаймын.

Конвенция мен оған хаттаманың жобасы бір тараптан Қазақстан Республикасы мен екінші тараптан Еуропалық Одақ пен оған мүше мемлекеттер арасындағы кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін ескере отырып, 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексінің (Салық кодексі) жаңа редакциясын іске асыру қажеттілігіне байланысты әзірленген уақтылы және негізделген екі жақты халықаралық құжат ретінде қарауға болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен жасасқан Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы 50-ден астам конвенция жұмыс істейді.

Конвенцияны мен оған хаттаманың жобасы салықтық жалтарумен, оның ішінде салық салу мәселелері бойынша ақпарат алмасу арқылы күресу үшін қажетті шараларды қамтамасыз етуге арналған.

Конвенцияның жобасы уағдаласушы мемлекеттердің резиденттері болып табылатын заңды және жеке тұлғалар үшін табысқа қосарланған салық салуды жоюды, сондай-ақ екі елдің құзыретті органдары арасында салық мәселелері бойынша инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайтуды, кеңейтуді көздейді.

Экономикалық ынтымақтастықты құру Қазақстан Республикасы мен Кипр Республикасы үшін басымдықтардың бірі болып табылады.

Біздің елдеріміз елдер арасындағы тұрақты сауда-экономикалық ынтымақтастыққа баса назар аудара отырып, Жол картасын әзірлеу жөнінде

шешім қабылдады. Әріптестікті дамыту үшін перспективалы бағыттардың бірі – туризм, қаржы қызметтері, ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі болып айқындалды.

Қосарланған салық салу туралы конвенция елдер арасындағы экономикалық өсуді және тиімді өзара қарым-қатынастарды жандандыру үшін түрткі болады.

Құрметті депутаттар! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен қаралып отырған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қабіболла Қабенұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дүркіс: Бұжатпен қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Май Н. Майғынғазов*